

«6D020100 – Философия» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сағинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 4. Елдің зияткерлік елеуеті - 4.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 4.2.10 Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы, 4.2.11 Гуманитарлық аспектілерді зерделеу және қазақстандық қоғамның орнықты дамуының идеялық тұғырнамасын қалыптастыру баптарына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«6D020100 – Философия» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура бағдарламасы аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	Диссертация жұмысы зерттеу тақырыбы аясында ғылым дамуына елеулі үлес қосады. Өйткені, автор қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуының мәселелері мен келешегіне

			катысты ізденістік әлеуметтік-философиялық талдау арқылы манызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізген.
3.	Өзі жазу деңгейі:	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автордың жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Автор мәселені ғылыми баяндай отырып нақты сілтемелерін қажет тұстарында орынды келтіреді және сонымен қатар еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта екені байқалды. Автор мәселені сыни талдау және ғылыми баяндау стилін жақсы меңгерген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды және адам өмірінің мәні мен мазмұны болған руханилық мәселесі аясында қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуының мәселелері мен болашағына философиялық талдаудың нәтижесімен анықталған. Қазақстанның болашақ әлеуметтік-мәдени дамуында руханилық мәселесін теориялық тұрғыдан қарастыру да үлкен қажеттілік екені көрсетілген. Сонымен қатар жаһанданған әлемде қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастыру міндеттері стратегиялық тұрғыдан кезек күттірмейтін мәселе екендігі ғылыми байыпталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен мәтіні негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Тақырыптың негізгі арқауы мен мәтінде ғылыми баяндалуы оның қоғамда теориялық және практикалық жағынан манызды басым мәселе екенін көрсетеді. Автор тарапынан қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау тұрғысынан жан-жақты қарастырған.
		4.3. Мәсататы мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді. Жоспар нақты құрылған және тақырыпты барынша кең ашып беріп отыр. Негізгі мақсат – қазақстандық жастарды әлеуметтік топ ретінде құндылықтық талдау арқылы теориялық және колданбалы-практикалық қырларын ашып көрсету. Соған сәйкес диссертация мәтінде көрсетіліп қойылған тоғыз міндеттері айшықталған.

	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы негізінен үш бөлімге жіктеліп, олар бір-бірімен өзара логикалық тұрғыда толық байланысқан. Автор такырышка қатысты алдымен ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді философия тарихы тұрғысынан қарастырып алады. Автор қазақ философиясындағы этикалық ілімдердің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі орнын негіздеуде, қазіргі кезеңдегі қазақстандық жастар құндылықтарының трансформациясы әлеуметтік-философиялық мәселе ретінде қойылып, әр қилы ұстанымдардың манызын көрсетеді. Жұмыстың соңғы тарауында қазіргі тәуелсіз Қазақстандағы жаһандық жаңғыру беталысы және дәстүршілдік ұстанымдар талқыланып, болашаққа болжамдар жасалады және қазақстандық қоғамның рухани бірлігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының манызды тетіктерін айқындай отырып, практикалық нәтиже ретінде жастар руханилығының қалыптасуындағы өзекті мәселелер мен келешегіне әлеуметтанулық зерттеу жүргізілген.
5. Ғылыми жанашылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор диссертация ауқымында барынша жаңа ғылыми шешімдер жасауға тырысады және осыған орай сыни талдаудың біршама элементтерін жұмыстан толық байқауға болады. Әсіресе, жұмыста тарихи-мәдени мәтіндер мен қазақ философиясы ауқымындағы этикалық ойларға мазмұнды логикалық терең талдаулар жасалған. Жалпы, диссертациялық жұмыста алға қойылған барлық шешімдер мен ұсыныстар сыни талдаудан өткізілді. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидағтары негізінен алғанда, яғни толығымен жаңа болып табылады. Бірінші қағидағ – руханилықты біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші құбылыс, руханилық адамға қатысты бірқатар ішкі бағынышты құрылымдар мен құбылыстардың жиынтығынан тұратын, көп деңгейлі құбылыс ретінде анықталды, екінші қағидағ – адамның рухани бастауының дамуында, жас ерекшелігіне байланысты өз орны мен ерекше заңдылықтарын, оның қалай көрініс табатынын

5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?	
1) толығымен жана:	
2) ішінара жана (25-75% жана);	
3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).	
	айкындалды, үшінші қағидат – жастық кезеңдегі рухани даму екі жақты сипат алады, жастық шақ шығармашылық қабілеттердің бастауы әрі шыны болса, екінші жағынан рухани құлдырау қауіпі жөнінде қарастырылды, төртінші қағидат – қазақстандық жастар нақты әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алуан түрлі құбылыс ретінде көрініс табады, қоғамның қозғаушы күші, әлеуметтік болмыстың жана архитектуроникасын жасаушы жастардың рухани тәрбиесі: әлеуметтік бастама және үздіксіз рухани сабақтастық арқылы жүзеге асауыны айшықталды, бесінші қағидат – қазақ философиялық дәстүрінде адамгершілік, әдептілік, жоғары адамгершілік құндылықтарға әділеттілік пен адалдық сияқты маңызды да бұлжымас императивтің өсекеден ұрпақты тәрбиелеудегі орны мен маңызы кен түрде ашылған, алтыншы қағидат - қазіргі қазақстандық жастардың рухани құндылықтары оның жана рухани қажеттіліктері мен сұраныстарының сәйкес келуі айқындалды, жетінші қағидат - «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жана» диалектикасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды, сегізінші қағидат - тұлғанын рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік-шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудың анықтаушы рөлі сараланды, тоғызыншы қағидат - жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызы көрсетілді.
	Диссертацияның қорытындылары қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау мәселелері мен келешекті әлеуметтік философия бағытындағы тұжырымдарды толықтыру үшін маңызды. Осыған орай қордаланған жұмыстың ғылыми қорытындылары «толығымен жана» деп бағаланады. Автор болашақта өзінің ғылыми зерттеулерінде жас маман ретінде

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана: 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).	қазақстандық жастардың бойындағы руханилықты қалыптастыру ерекшеліктерін, және сол арқылы басқа да ерекше шығыстық, бағыстық, үгілермен салыстыра отырып, өзіндік жана, креативті қырларды аша түседі деген ойдамыз. Себебі, қазіргі қоғамдағы жастардың рухани-адамгершілік бағытының өзгеруімен пайда болған жана әлеуметтік құндылықтар жүйесін қарастыру қазақстандық қоғамның тұрақты дамуы үшін ең басты капитал жастар екендігін ескеруіміз қажет. Диссертацияның зерттеу тақырыбы мен нысаны гуманитарлық салаға жатады және пәнаралық сипатқа да ие болады. Ал енді жұмыстың негізгі мазмұны техникалық, технологиялық салаларға жатпаймен, автордың кейбір идеялары мен мемлекеттік басқару шешімдеріне қатысты өзінің алға қойған мақсатына сәйкес еңбекті орындағандықтан «толығымен жана» деп бағалауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қаратанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Метіннің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып дәйектелгенін атап өтуге болады. Жастар руханилығының қалыптау мәселелерін зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін әзірлеуде, тұлғаның жас ерекшелік сипатына байланысты руханилықтың даму заңдылықтары мен оның ерекшеліктерін анықтауда, тұлғаның рухани дамуының ең қолайлы және оңтайлы кезеңі жастық шақ екенін дәйектеуде, қазақ ойшылдарының этикалық ілімдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі орнын негіздеуде, қазіргі кезеңдегі қазақстандық жастар құндылықтарының трансформациясы әлеуметтік-философиялық мәселе ретінде қойылып талдауда көрініс тапқан бірқатар артықшылықтарға ие екендігі байқалды. Автор болашақта осы мәселені өзінің шығармашылық практикасында барынша кең зерттеу нысанына айналдырады деген үміттеміз.
7.	Қорыта шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді:	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидағар дәлелденген және сыни ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың

2) шамамен дәлелденді;	әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген.
3) шамамен дәлелденбеді;	
4) дәлелденбеді;	7.2 Жұмыс қағидағтары тривиялды, яғни үстірт емес. Бұл пункт бойынша «жоқ» деген баға берілгенді. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар теориядан практикаға шығудың жолын іздейді.
5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3 Негізгі қағидағтардың барлығының жаналығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидағтардың жалпы саны тоғыз екені байқалды. Бірінші қағидағ руханилық құбылысы біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші сипатынан тұратын ерекше әлеуметтік-танымдық, философиялық категория екендігін дәйектеуден басталады, екінші қағидағ – рухани даму біртұтас, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты оның өз орны, ерекше заңдылықтары мен қырлары бар екендігі анықталды, үшінші қағидағ – жастар феноменінің манызды қырларын зерделей отырып, олардың көбінесе жауапкершіліктің үстірттігіне негізделгендігі тұжырымдалды, солардың негізінде жастардың рухани дамуының кезеңдері айқындалды: бағалық кезең (стихиялық руханилық), жасөспірім кезең (амбивалентті, жанжалды) және салыстырмалы дүниетанымдық пайымдау түрінде көрініс беретіндігі көрсетілді, төртінші қағидағ – Қазақстандық жастарды әлеуметтік жағдайының әртүрлілігіне қарамастан ортақ манызды психологиялық және рухани белгілер біріктіретіні анықталды, жастар болашаққа, жанашылдыққа ашық, қоғамдық болмыстың жана архетипоникасын құру қабілетінен тұратын мән-мағыналық анықтамасы, сондықтан жастардың рухани даму үрдісіне ерекше назар аударуды талап ететіні дәлелденді, бесінші қағидағ – қазақстандық жастардың қазіргі тарихи кезеңдегі рухани қалыптасу мәселесі этикалық жоба ретінде манызды орын алатындығы пайымдалып, оларға дәстүрлі мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері айшықталды, алтыншы қағидағ – Қазақстанның қазіргі жастарының жана мәдени қажеттіліктерімен айқындалатын құндылықтары жастық кезеңнің өтпелі сипатына байланысты арқашан жоғары
7.2 Тривиялды ма?	
1) ия;	
2) жоқ;	
3) бұл тұжырымда ереженің тривиялды екенін тексеру мүмкін емес.	
7.3 Жана ма?	
1) ия;	
2) жоқ;	
3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.	
7.4 Қолдану деңгейі:	
1) тар;	
2) орташа;	
3) кең	
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
7.5 Макалада дәлелденген бе?	
1) ия;	
2) жоқ	
3) бұл тұжырымда макаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

		адами құндылықтарға сәйкес келмеу тиістілігі философиялық-аксиологиялық мағынада тұжырымдалды, жетінші қағидат – «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды, сегізінші қағидат - тулғаның рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік-шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудағы анықтаушы рөлі сараланды, тоғызыншы қағидат - жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызды көрсетілімі. Осыған орай рецензент тарапынан «Иә» деген баға берілді. 7.4 Қағидағтардың қолдану деңгейіне «кен» деген баға берілді. Ғылыми нәтижелерді туманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. Сондықтан кен деп бағаланды. 7.5 Негізгі қағидағтар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі процентілі – 55 тең, квартиль – 2 (Q2) журналына автордың ғылыми мақаласы жарияланған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде өз мақалаларына сілтемелер де жасалған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар жасалған. «Иә» деген баға беріледі. Әдістеме таңдауы автор тарапынан жақсы негізделген. Әдіснама сараптау тұрғысынан «иә» деген жауапқа сәйкес. Өйткені автор ғылыми әдістеменің әдеттегі дәстүрлі жолдарымен қатар инновациялық тәсілдерді, пәнаралық әдістерді қолданған.
8. Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия:</u>	

ақпараттың дәйектілігі		
	2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:	Қазіргі заман әдістері мен деректері әлеуметтанулық зерттеулер барысында жақсы қолданылғаны байқалды. Автор компьютерлік игерулер арқылы зерттеу нәтижелерін қорытындылаған. Нәтижелерін жақсы дәйектейді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдымын.
	<u>1) ия:</u>	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар өзара байланыста дәйектелген. Мәселен, автор жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеуді әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызы арқылы дәлелдеуге тырысады. Осыған орай, бұл талап бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деуге болады.
	<u>1) ия:</u>	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде руханилық тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер көп екені белгілі. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қамти алған. Көптеген сілтемелерге толықтай алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер берілген. Диссертацияда келтірілген кейбір сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты әдеби шолуға негізінен жеткілікті деуге болады. Автор руханилық, жастар, жастардың тәрбиесі, патриотизм, құндылықтар сияқты ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтаған. Әрине, жастардың

			руханилығның қалыптасуына қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір іргелі еңбектерді де тізімге қосуға болар еді. Олар әдеби шолудың ауқымын кеңейте түсері анық. Дегенмен, автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін еңбектерді қамти алған деген пікірдемін.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар:</u> 2) жоқ.	Диссертация тақырыбының теориялық маңызы үлкен. Себебі бүгінгі таңда жастар руханилығның қалыптастыруындағы орны мен рөлі бар философия пәнінің типтік бағдарламасының республика деңгейінде философтардың арасында қызу талқылануда. Ғылымда да руханилық мәселесі кен ауқымда қарастырылғанымен, жастардың бойындағы руханилықты қалыптастыру мәселесі аз зерттелген тақырыптардың бірі, диссертанттың еңбегі осы бағыттағы зерттеулерді толықтыратыны сөзсіз Әрі қарай ғылыми зерделене бермек. Сондықтан «иә» деген жауап беріледі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия:</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс мазмұнындағы алынған қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларында, мемлекеттік басқаруда қолдануға болады. «Иә» деген жауап берілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа:</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация мәтіні әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдауға бағытталған. Бірақ теориялық ойлармен қатар автордың практикалық салада қолдануға болатын ұсыныстары бар екені байқалды. Мәселен, жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларын пайдалануға болады. Толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары:</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы өзі жоғары деңгейде. Себебі, автор негізінен теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған әлеуметтік-философиялық сыни талдаудың тәсілдерін кеңінен қолданады. Философиялық байыптаудың, әлеуметтанулық сараптаудың қисындарын жазу барысында автордың ұтымды қолданғаны байқалды.

11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертантиңа болашақта күрделі мәселелер бойынша өзінің авторлық позициясын батылырақ айқындай түскені жәнен деген пікір білдіреміз. Мәселен, Орта Азиядағы көрші елдердің жасатар бойындағы руханилықты қалыптастыру ерекшеліктері, олардың тәжірибесімен салыстыра зерттелгені жөн. Диссертацияның 3 бөлімі, 3.1 бөлімшесінің мәтнінде Еуропада өткен шетелдік тағалымдама барысындағы еуропалық жастардың руханилығын қалыптастырудағы ерекшеліктер мен моделдерді жеке бақылау жазбалары ретінде бөліскен, енді оның терең себеп-салдарларын жұмыста сыни тұрғыда толғырақ және айқын көрсеткен арттық болмас еді.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша ар макаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертанттың жарық көрген макалалар мазмұны жеке-жеке талданды, макалалардағы зерттеулері жотары ғылыми-теориялық деңгейде жүргізілген, дәлелді негізге ие. Бұл диссертанттың философиялық біліктілігін, зерттеу әдістерін игергендігін және дереккөздерді ұтымды пайдалана алатындығын байқатады. Макалалар диссертациялық жұмыспен астасып жатқанын атап өткен жөн. Жалпы алғанда 6 макала жарық көрген: Скопус мәліметтер базасында 1 макала, халықаралық конференциялар жинағында 2 макала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 макала. 1. Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Philosophical Analysis of the Formation of Spirituality of Modern Kazakhstan Youth: Problems and Prospects» (Pharos Journal of Theology. – Volume 106, Issue 1 - (2025). https://doi.org/10.46222/pharosjot.106.27), (квартиль – 2, процентиль – 55). 2. Philosophical Analysis of the Formation of Spirituality of Modern Kazakhstan Youth Through National Heritage in Terms Internet Diversification. // «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция МАТЕРИАЛДАРЫ (6-8 сәуір 2021 жыл) – Алматы: «Қазақ университеті, 2021. – 2 том- 240-246 бб.

		3. Гуманитарлық білім жүйесіндегі руханилық: логикалық-әдістемелік аспектілер. // Эл-Фараби журналы. – 2020. – №4 (72). – 72-83 бб. 4. Қазіргі қазақстандық жастардың рухани дамуы мен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі. // Адам әлемі журнал. – 2020. – № 1 (83). – 90-95 бб. 5. Abay's Wisdom Spiritual Values. // Адам әлемі журнал. – 2020. – № 3 (85). – 47-53 бб. 6. Philosophical Analysis of the Phenomena Arising among the Kazakh Youth. // Қаратанды университетінің Хабаршысы. – Тарих. Философия сериясы. – 2024. – 29-том. № 1 (113). – 160-169 бб.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Диссертация бойынша жоғарыда аталған барлық артықшылықтарды, айтылған кемшіліктер жұмысқа тұтастай алғанда нұқсан келтірмейді және ұсыныс ретінде қабылданғаны жөн екендігін ескере отырып, «БД020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Қорытынды шешім: «БД020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:
«Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТУ»,
философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессоры



Джексебаева Мақпал Абиловна